

"Қазақстан Республикасындағы көлік туралы" Заңға сәйкес жолаушыларды, багажды және жүктерді әуе көлігімен тасымалдаудың уақытша Ережелерін бекіту жөнінде

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрінің 1995 жылғы 10 сәуірдегі N 78 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1995 жылғы 7 қыркүйек тіркелді. Тіркеу N 88. Күші жойылды - ҚР Көлік және коммуникациялар министрінің 2004 жылғы 10 желтоқсандағы N 459-І бұйрығымен.

-----Бұйрықтан үзінді-----

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің норма шығармашылық қызметін реттеу мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Әуе көлігінде жолаушыларды, багаж бен жүкті тасымалдаудың (халықаралық қатынастардан басқа) уақытша ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрінің 1995 жылғы 10 сәуірдегі N 78 (88 нәмірмен тіркелген) бұйрығының күші жойылды деп танылсын...

Министр

"Қазақстан Республикасындағы көлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңын Z947000_ күшіне енгізуге және Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің 1994 ж. 21.09. қалыптық актілерді Қазақстан Республикасының аумағындағы пәрменді Заңға сәйкес келтіру туралы қаулыны орындауға б а й л а н ы с т ы , б ұ й ы р а м ы н :

1. "Қазақстан Республикасындағы көлік туралы" (қоса берілді) Заңға сәйкес Қазақстан Республикасының әуе жолдарында жолаушыларды, багажды және жүктерді тасымалдаудың Уақытша Ережелері бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының әуе көлігіндегі пәрменді қалыптық актілер осы бұйрыққа және оның қосымшасына сәйкес келтірілсін.

3. Министрліктегі заң актілерін әзірлеу, Жоғарғы Кеңеспен байланыс және заң жұмысы Басқармасы республиканың әуе жолдарында жолаушыларды, багажды және жүктерді тасымалдаудың Уақытша Ережелерін Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде белгіленген тәртіппен тіркесін.

4. Авиакомпаниялардың президенттері авиациялық тасымалдауларды қамтамасыз етумен және ұйымдастырумен әрекеттенетін авиамамандардың және

авиакомпания персоналдарының осы бұйрықпен танысуын және орындауын қамтамасыз етсін.

Министр

Қазақстан Республикасы
Көлік және коммуникациялар
министрінің 1995 жылғы
10 сәуірдегі N 78 бұйрығымен

Бекітілген

**Қазақстан Республикасының әуе жолдарында
жолаушыларды, багаж бен жүктерді тасымалдаудың
(халықаралық рейстерден басқа)**

Уақытша ережелері

Айқындамалар

Авиакомпания (тасымалдаушы) - әуе қатынастарын жүзеге асыратын, немесе осы салада өзінің қызметін жасайтын кез келген авиакөлік кәсіпорындары.

Әуе тасымалдаушысы - жалға немесе төлемақы үшін жолаушыларды, багажды, жүктер мен поштаны тасымалдауда өзінің қызметін көрсетуші немесе осыған тиесілі рұқсат ия болмаса, лицензия белгіленген тәртіппен берілген, жеке меншік құқығында немесе басқа заңдар негізінде көлік құралына ие болған, әуе кемесін пайдаланушыны білдіреді.

Багаж - тасымалдаушының келісімі бойынша әуе кемесінде тасымалданатын жолаушылардың жеке заттары.

Тіркелген багаж - авиакөліктік кәсіпорындармен багаж түбіртегі және багаж биркасы беріліп, өз жауапкершілігіне алынған жолаушылардың багаждары.

Тіркелмеген (қол жүгі) - тіркелгендерден басқа, соның ішінде нөмірсіз биркалармен маркирленген әуе кемесінде тасымалданатын және оның багаж бөлімінде орналастырылатын жолаушылардың багаждары. Әуе кемесінің бортына жолаушылардың өздерімен жеткізіледі. Багаж жолаушының қолында болған кезде басқа кезеңдерде тасымалдаушының жауапкершілігімен және бақылауымен тасымалданады.

Еріп жүрмейтін - осы багаждың иелері - жолаушылар немесе экипаж бар әуе кемесімен тасымалданбайтын багаж.

Багаж түбіртегі - багажды тасымалдауға қабылдауды растайтын билеттің бөлігі.

Билет - өзіне багаж түбіртегін қосып алып, жолаушылар мен багажды әуемен тасымалдауға бекітілетін шартты растайтын құжат.

Жолаушылардың, багаж бен жүктердің әуе тасымалдаулары (тасымалдау) - белгіленген төлемақы үшін, сондай-ақ тасымалдаушының жердегі көлік

құралдарымен авиакөлік кәсіпорындарының әуе кемелерімен орындалатын жолаушыларды, багажды және жүктерді тасымалдау.

Ішкі әуе тасымалдаулары - орындалу кезінде жіберу пункттері, тағайынды пункттері және басқа қарастырылған барлық аялдау пункттері бір мемлекеттің аумағында орналасқан әуе тасымалдаулары.

Халықаралық әуе тасымалдаулары - тасымалдауда үзіліс немесе асыра тиеу болғанына немесе болмағанына қарамастан орындалу кезінде жіберу пункттері және тағайынды пункттер мыналарда орналасқан әуе тасымалдаулары:

а) екі мемлекет аумағында;

б) егер басқа мемлекеттің аумағында аялдамаса қарастырылған болса.

Жүк - багаж бен поштадан басқа әуе кемелеріне тасымалдауға қабылданған немесе тасымалданатын мүліктер.

Жолаушы - экипаж мүшелерінен басқа әуе тасымалдау шартына сәйкес тасымалдануы тиіс немесе тасымалданатын тұлға.

Багаж, жүктің зақымдануы - багаж, жүктің жарамсыз күйге келтірілуі, соның салдарынан олар бастапқы тағайындалған мақсатта пайдаланылмауы мүмкін (өзінің бағалылығын жоюы).

Талап қою - әуе тасымалдауларының салдарынан туындаған зардапты өтеу туралы азаматтық авиация клиенттерінің авиакомпанияларға немесе авиакөлік кәсіпорындарына мәлімделген талап етулері.

Рейс - маршруттың бастапқы пунктінен соңғы пунктіне дейін бір бағытта орындалатын әуе кемелерінің ұшулары (кесте бойынша немесе кестеден тыс).

Багаж, жүктің жоғалуы - тасымалдаушының жеткізу мерзімі өткен соң олардың нақты жоғалуынан, ұрлануынан, қателікпен аралық кемежайға жіберілуінен немесе қашыққа жіберілуінің салдарына қарамастан заңды иесіне бере алмайтын күйі, тасымалдаудың дұрыс еместігі.

Ережелердің қолданылуы

1. Жолаушылардың, багаж бен жүктердің әуе тасымалдаулары белгіленген төлемақымен Қазақстан Республикасы азаматтық авиациясының авиакөлік кәсіпорындарымен және авиакомпанияларымен жүзеге асырылады және осы Ережелермен реттеледі.

2. Жолаушылардың, багаж бен жүктердің рейстің тапсырыс шарттары (чартерлік), сондай-ақ авиакомпания мен авиакөлік кәсіпорындарының әуе кемелерінде вахталық - экспедициялық әдістері бойынша орындалатын әуе тасымалдаулары осы Ережелерге және белгіленген тәртіппен бекітілетін ерекше нұсқауларға сәйкес жүзеге асырылады.

3. Әскери әуе тасымалдаулары мен арнайы жүктерді тасымалдаулар осы Ережелермен, сондай-ақ ерекше нұсқаулармен жүзеге асырылады.

4. Жолаушылардың, багаж бен жүктерді халықаралық әуе тасымалдаулары

Халықаралық әуе тасымалдауларының Ережелерімен реттеледі (ХАА пр. 1986 ж.

3 . 0 1 . 1 / И) .

5. Әуе тасымалдаудың әрбір шарты мен оның талаптары авиакомпаниямен немесе авиакөлік кәсіпорындарымен, ия болмаса олармен өкілеттенген ұйымдармен немесе тұлғалармен берілетін тасымалдау құжаттарымен а й ғ а қ т а л а д ы .

Билет - жолаушыны тасымалдау кезіндегі тасымалдау құжаты болып, ал багаж түбіртегі - багаж есебіндегі жолаушы мүліктерін тасымалдау кезіндегі тасымалдау құжаты болып табылады.

Тасымалдау құжаттарының нысаны мен оларды қолдану Әуе көлігі Департаментімен белгіленеді.

6. Тасымалдаушы әуе тасымалдауы шартымен өзгерістеріне, қызмет көрсетуге, сондай-ақ айыппұлдарды төлеуге, осы Ережелермен анықталған жағдайларға байланысты жолаушылардан, жіберушіден немесе алушыдан алынған қосымша сомаларды куәландыру мақсатымен әртүрлі алымдар мен төлемдердің түбіртегін, ал тегін алып жүрудің белгіленген қалпынан артық багаж алып жүргені үшін жолаушымен төлем жасалған кезде - төлемақылы багаж түбіртегін б е р е д і .

Төлеу құжаттардың нысаны мен оларды пайдаланудың нұсқаулықтары Әуе көлігі Департаментімен белгіленеді.

7. Әрбір жолаушының белгіленген нысандағы билеті болуға міндетті. Билетін ұсынбаған жолаушыны тасымалдауға рұқсат етілмейді. Билетті қайта сату мен бөгде тапсыруға тыйым салынған. Билетті қайта сату мен біреуге тапсыру жағдайлары анықталған болса, билет жоққа шығарылады және оның құны қ а й т а р ы л м а й д ы .

8. Билет жолаушының жеке басын куәландыратын құжаттардың негізінде б е р і л е д і :

төлқұжаты (Қазақстан Республикасы азаматының куәлігі);
жалпы азаматтық шетел төлқұжаты;
қызметтік төлқұжаты;
теңізші төлқұжаты;
дипломатиялық төлқұжаты;

Президент аппаратымен, Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетімен, Қазақстан Республикасы жергілікті атқару органдарымен берілетін жеке бас к у ә л і к т е р і ;

Кеңес Одағы Батырының, Социалистік Еңбек Ерінің, үш дәрежелі Еңбек Даңқы мен Даңқ ордені кавалерінің, Ұлы Отан соғысы ардагерінің, мүгедегінің немесе оған теңестірілгендердің куәлігі;

"Халық Қаһарманы" атағы берілгендердің куәлігі;
Әскери міндеттілердің, Қазақстан Республикасы ҰҚК мен ІІМ, Бас прокуратура қызметкерлерінің жеке бас куәлігі;
әскери билеті (жедел қызметтегі әскери қызметші мен әскери-оқу орны к у р с а н т ы н ы ң) ;

туу туралы куәлігі (16 жасқа толмағандар үшін);
босатылуы жөніндегі анықтама мен белгіленген үлгідегі жазбаша мәлімдемесі (еңбекпен - түзету мекемелерінен босатылып тұратын мекеніне бара ж а т қ а н д а р ү ш і н) ;

9. Кассаларда билеттерді сату кезекті түрде жүргізіледі. Әуе кемесінде бос орын мен билетті кезексіз алу құқығы мыналарға беріледі:

депутаттар, Кеңес Одағының Батырлары, Социалистік Еңбек Ерлері мен үш дәрежелі орденнің кавалерлері: Даңқ, Еңбек Даңқы, КСРО Әскери Күштерінде Отанға қызмет еткендерге, "Халық Қаһарманы" атағы берілгендерге;

сәтсіз оқиғаларға байланысты куәландырылған жедел шақыру бойынша жол жүрген дәрігерлер мен консультанттарға;

өздеріне және өздерімен бірге еріп жүрушілерге билет алатын Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне, мүгедектерге және оларға теңестірілген тұлғаларға, 1 және 2 топтағы еңбек мүгедектеріне;

Қазақстан Республикасына ерекше еңбек сіңіріп, зейнетке шыққан з е й н е т к е р л е р г е ;

7 жасқа дейінгі, сондай-ақ 15 жасқа дейінгі екі және одан артық балалары б а р л а р ғ а ;

кері ұшуға күні, мерзімі көрсетілген билеті бар жолаушыларға;
арнайы нұсқамасы бар жедел тапсырмамен сапарға шыққан тұлғаларға;

10. Жолаушының 7 жасқа дейінгі бір баланы жеке орынсыз тегін алып жүруге құқығы бар. Басқаларын, 7-ден 15 жасқа дейінгі жолаушыға еріп жүрген балаларды толық тарифтің 50 проценті төленіп, жасөспірім билетімен және жеке орын беру арқылы алып жүруге болады.

11. 7-ден 15 жасқа дейінгі балалар ересек адамдар еріп жүрсе де, еріп жүрмесе де толық тарифтің 50 % төлеу арқылы жасөспірімдер билетімен тасымалданады. 7-ден 15 жасқа дейінгі ересек адам еріп жүрмейтін балаларды тасымалдау белгіленген үлгідегі балаға еріп жүріп тасымалдау міндеттемелерін ресімдеу арқылы жүзеге асырылады.

12. Әуе кемесінің бортында билетсіз немесе тасымалдаушымен жарамсыз деп танылған билетпен жүрген адам бірінші қоныс жасалған кемежайда түсіріледі. Жолаушының немесе жасөспірімдер билеті болуы тиіс баланың билетсіз ұшқаны үшін, толық жолаушы тарифі бойынша билеті болуы тиіс 15 жастан асқан баланы жасөспірімдер билеті бойынша тасымалдағаны үшін, сондай-ақ тиесілі

құжатсыз жеңілдік (қызметтік) билет бойынша ұшулар үшін тарифтерді қолдану ережелеріне сәйкес айыппұл алынады.

Жолаушының айыппұлды төлеуі әуе көлігінде тиесілі санаттағы жолаушыны белгіленген тариф бойынша тасымалдаудың нақты орындалғаны үшін ұшу құнын төлеуден босатпайды.

13. Тасымалдаушының себебінен жолаушының тасымалдануы кешіккен кезде тасымалдаушыны жолаушының басқа зияндарын өтегеннен бөлек әрбір кідірген сағатына, егер ол расталған болса билет құнының 3 % төлейтін болады.

Ұсталған айыппұлдың сомасы алынған билеттің құнынан аспауға тиіс.

14. Тасымалдаушының себебімен билетте көрсетілген уақыттан 10 сағатқа және одан артық уақытқа рейс кідірген кезде тасымалдаушы өз есебінен жолаушыға мейманханадан орын мен тағамға төлеуге міндетті.

Жолаушының сұрауы бойынша оған ресми құжат беріледі немесе тасымалдаушының арнайы тағайындаған лауазымды адамымен тасымалдаудың кідірген себебі туралы билетте белгі соғылады.

15. Багаждың дер кезінде жеткізілмегендігі үшін тасымалдаушы багаж алушыға тасымалдау төлемінің 10 % мөлшерінде әрбір кешіккен күнге айыппұл төлейді, бірақ ол тасымалдау төлемінің 50 % аспауы тиіс.

16. Жүктің дер кезінде жеткізілмегендігі үшін тасымалдаушы жүк алушыға тасымалдау төлемінің 10 % мөлшерінде айыппұл төлейді, бірақ ол тасымалдау төлемінің 50% аспауы тиіс.

17. Тіркелген багаж бен тасымалдауға қабылданған жүк, егер тасымалдаушы мұны растаған болса немесе егер бұл багаж немесе жүк жеткізу мерзімі өткеннен кейінгі 7 күннің ішінде тасымалдаудың тағайынды пунктіне әкелінбеген болса, онда ол жоғалды деп есептеледі.

Дегенмен, егер багаж немесе жүк аталмыш мерзімде жеткізілген болса, алушы багажды немесе жүкті алуға құқықты және тасымалдаушыға жоғалған багаж немесе жүк үшін төлеген сомасын қайтаруға құқығы бар.

18. Құндылығы жарияланбай тасымалдауға қабылданған багаж немесе жүктің жоғалғаны немесе азайғаны үшін тасымалдаушы нағыз құнының мөлшерінде, бірақ халықаралық тасымалдауларда белгіленген шеңберден асырмай жауапкершілікке тартылады.

19. Тасымалдаудың кідіргеніне байланысты багаж немесе жүк алушыда немесе жөнелтушіде туындаған шығындар үшін, егер ол расталған болса тасымалдаушы жауапкершілікке тартылады.

20. Тасымалдаудың кідіруіне және тасымалдаудағы багаж бен жүктердің сақталмауына байланысты талап қоюлар тасымалдаушының талап қоюшы комиссиясымен 30 күндік мерзімде қарастырылады.

Тасымалдаудың кідіруіне байланысты шығынды өтеу туралы талап қою

кезінде шығынның нақты мөлшерін растайтын құжаттар қоса беріледі.

Өтініш берушінің қалауы бойынша талап қою тасымалдаушыға немесе оның жөнелту орнындағы өкіліне ұсынылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК